



Haileybury Astana



Ата-анаға нұсқаулық  
2024 – 2025

# Мазмұны

<b>Мектеп директорының алғысөзі.....</b>	<b>04</b>	<b>Мектеп формасы.....</b>	<b>24</b>
Haileybury Astana мектебінің мақсаты мен міндеттері.....	05	Бүлдіршіндер тобы.....	24
<b>Күнделікті іс-әрекет.....</b>	<b>07</b>	Балабақша бөлімінен 4-сыныпқа дейінгі мектеп формасы.....	25
Қабылдау бөлмесі.....	07	5-6 сынып оқушыларының мектеп формасы.....	26
Ата-анаға кеңес.....	07	(7-11 сынып) Орта мектеп оқушыларының мектеп формасы.....	27
Мектеппен байланыс.....	09	Алтыншы бөлім оқушыларының мектеп формасы.....	28
Медицинаға қатысты сұрақтар.....	09	Спорттық киім.....	28
Оқушы қауіпсіздігі.....	10	Оқушының жеке заттары.....	29
Балаларды қорғау және коммуникация.....	11	Жоғалған және табылған заттар.....	29
Балаларды қорғау.....	11	Мобильді құрылғылар, музыка ойнайтын құрылғылар мен «ақылды сағаттар» және лазерлі қаламдар.....	29
WhatsApp арқылы байланыс.....	13	Оқушының жеке шкафі.....	29
Қонақтарға арналған ақпарат.....	15	Мектептік сапарлар.....	29
<b>Академиялық стандарттар.....</b>	<b>16</b>	Музыкалық аспаптарды үйрену сабақтары.....	29
Үй жұмысы.....	16	Мектептегі компьютерлердің қолданылуы.....	30
Білім алу үдерісіндегі көрсетілетін көмек (LS).....	16	Кітапханалар және оқу аймақтары.....	30
Ағылшын тілі қосымша тіл ретінде (EAL).....	17	Мектеп қызметкеріне берілетін сыйлық.....	31
Орыс тілі.....	17	Туған күнді атап өту.....	31
Үлгерім жөніндегі хабарлама.....	17	Жүзу.....	31
Ережелер мен рәсімдер.....	18	Сабақтан қалуға рұқсат қағазын рәсімдеу.....	31
Тәртіп.....	19	2024-2025 Оқу жылындағы мектеп күндері.....	32
Оқушының сабаққа қатысуы.....	19	Мектеппен байланыс.....	33
Үй жүйесі.....	21	2024-2025 оқу жылына арналған күнтізбе.....	34
Үйірмелер мен қосымша сабақтар (CCAs).....	23		
Мектеп формасы және оқушының сыртқы келбеті.....	23		





# Мектеп директорының алғысөзі



## Құрметті ата-аналар!

Ұл-қызыңыз Haileybury Astana мектебі оқушысы қатарына қосылып, шәкірттерімен кездесер сәтті асыға күткен біздің ұжыммен бірге толқып, қуанышымызды да бөлісетініңізге сенімдіміз. Haileybury Astana білім ордасында оқитын әрбір оқушы өздерін бақытты сезініп, уақыттарын пайдалы әрі көңілді өткізетін болады деп үміттенеміз; сонымен қатар біз оқушыларымыздың маңызды амбицияларымен бірге нақты мақсаттарын да айқын көрсеткенін қалаймыз. Мектеп негізінде өзгелерді құрметтеу, қызмет ету, қолұшын беру және зерттеу рухына зор мән беретін құндылықтар жүйесі жатыр.

Біздің мақсатымыз - барлық оқушылардың осы құндылықтарды бойларына сіңіріп, нағыз азамат болып қалыптасуларына мейлінше қолдау көрсетіп, көмектесу. Оларға өз бойындағы дарыны мен талантын ашып, жан-жақты дамыта алатындай мектебімізде мол мүмкіндіктер беруге тырысамыз. Біз оқушылардың алтын уақыттарын бостан-босқа өткізбей, академиялық және жеке міндеттемелерін орындауға дағдыланып, білімді, білікті және өз-өздеріне сенімді болғанын қалаймыз.

Haileybury білім беру философиясы, ең алдымен, адамдар арасындағы қарым-қатынастың дұрыс бағалануына зор мән береді, сіздің балаңыз дәл осы дағдыны мектепте білім ала жүріп меңгеріп, одан әрі дамыта түседі деп сенеміз. Бұл қарым-қатынастар, атап айтқанда, Бастауыш сыныптарда олардың сынып жетекшісімен байланысы, содан кейін орта мектепте пән мұғалімдерімен, Үй тәрбиешісімен (House Tutor) және Үй басшысымен (Housemaster) қарым-қатынасы аса маңызды, бұл дегеніңіз, мектепте білім алып

жүрген әр оқушыға академиялық жақтан ғана емес, сонымен қатар рухани тұрғыдан дамуы үшін де толық жағдай жасалып, қолдаумен қамтамасыз етілетіндігін көрсетеді.

Оқушылар уақыт өте келе, дербес, өзгелерге қамқор және жауапты, өз істеріне жауап бере алатын ересек адамға айналған кезде де айналасындағылармен арадағы орнайтын қарым-қатынастың құнды болып табылатындығын ескерген дұрыс. Мектеп пен үй арасындағы тең дәрежедегі әрі сенімді қарым-қатынас, тіпті серіктестік баға жетпес құндылыққа айналады.

Бұл нұсқаулық ата-аналарға арналған көмек және нұсқаулық болып табылады. Бәріміздің ортақ мақсатымыз балалардың білім алу тәжірибесінің толыққанды әрі құнды болуын қамтамасыз ету екенін ескеру маңызды. Егер біз ауызбіршілік таныта отырып, серіктестер ретінде біріге жұмыс істейтін болсақ, бұл мақсатқа еш кедергісіз қол жеткізе аламыз деп сенеміз.

Біз өз тарапымыздан оқушыларымызды: Успешные результаты в постоянно меняющейся глобальной среде.

Үздіксіз өзгеріп отыратын жаһандық ортада табысты нәтижелерге қол жеткізумен;

- Өміршендік, тапқырлық және сенімділік секілді қасиеттерді қалыптастыруға ықпал ететін қауымдастықта болумен;
- Ең үздік әрі Жоғары сапалы академиялық стандарттармен білім алумен;
- Әрбір оқушыны жеке тұлға ретінде бағалайтын бақытты және жағымды оқу ортаның болуымен;
- Болашақ әлем көшбасшылары және жауапты азаматтары ретінде өз орнын алатын оқушыларымыз үшін сапалы дайындық орнының болуымен қамтамасыз етуге тырысамыз.

Біз әлемнің ең үздік білім ордаларының жан-жақты дамыған және салмақты, әдепті, адамгершілігі мол және жаңалықтарға жаны құмар, білімге ғашық, ізденімпаз оқушыларды іздейтінін мойындаймыз. Үздік академиялық біліктілікке қоса, олар өз айтары бар мінезді оқушыларды Жоғары бағалайды, өз университеттерінде білім алғанын қалайды.

Мен сіздерді Haileybury Astana мектебінде ұл-қыздарыңыздың білім алу сапарында толыққанды серіктес бола отырып, осы уақыттың бақыт пен қуанышқа толы, қауіпсіз, пайдалы, қызықты болуы үшін бізбен бірлесіп жұмыс жасауға шақырамын.

## Мектеп қауымдастығы ретінде

*Біз бір-бірімізге  
жанашырмыз және көмек  
көрсетуге дайынбыз.*

*Біз өзгелерді тыңдаймыз  
және өзгелермен биязы,  
сыпайы сөйлесеміз.*

*Біз адалдықты сүйеміз  
және мектебімізді қолдау  
үшін тынбай еңбектенеміз.*

*Егер бізді бірнәрсе  
мазаласа, тікелей  
мектепке хабарласамыз.*

*Біз мектеп мүлкін  
ұқыпты ұстаймыз және  
балалардың бойында да  
осы дағдының қалыптасып,  
дамуына көмектесеміз.*

### **Haileybury Astana мектебінің мақсаты мен міндеттері**

#### **Міндеті**

Оқушыларымызға академиялық, физикалық, мәдени және әлеуметтік тұрғыдан өз әлеуетін жаһандық және болашақ контексте жүзеге асыруға мүмкіндік беретін білім алу тәжірибесін ұсыну.

#### **Мектеп мақсаты**

Қауіпсіз және қамқор ортада оқушыларды кез келген әрекетті жүзеге асыруда кәңілді, шығармашыл, тәуелсіз, рефлексивті, батыл және ізденімпаз болуға баулу.

Haileybury әдеттерін және Халықаралық бакалавр бөлімі оқушыларының келбетін ұстанып жүруін қамтамасыз ету, қолдау көрсетіп, теңдестірілген пәндердің ауқымын қамтитын оқу бағдарламасы арқылы ынталандырып отыру. Бұл қасиеттер тек негізгі академиялық сабақтарға ғана қажет емес, олар сабақтан кейін болатын қосымша сабақтарда, түрлі үйірмелерде, арнайы іс-шаралар мен кездесулерде де қажет болады.

Шәкірттерді үнемі дұрыс және бұрыс ұғымдардың ара-қатынасын ажырата алуға баулу; азамат ретінде өз құқықтары мен жауапкершіліктерін қатар білуге, қоғамға адал қызмет етуге, әрдайым түсіністік танытып, ұжымда жұмыс істей білуге дағдыландыру, тәрбиелеп, жол көрсету.

Қазақстан Республикасы мәдени ерекшеліктері мен құндылықтарын, салт-дәстүрін сыйлауға, Haileybury мектебі ережелері мен саясатын жүзеге асыруға бағыттау, сондай-ақ мәдениетаралық және халықаралық көзқарасқа деген адалдықты нақты іс-әрекет және қызмет арқылы көрсету.

Тиімді оқыту және оқу арқылы қол жеткізуге болатын табысты академиялық нәтижелерге бай технологиялық және инновациялық ортамен қамтамасыз ету.

# RECEPTION



Haileybury Astana  
STEM Centre  
Opening September 2023

Haileybury Astana  
Information for Visitors

Haileybury Astana  
Мектепке келушілерге арналған ақпарат

Haileybury Astana  
Информация для посетителей

# Күнделікті іс-әрекет

## Қабылдау бөлмесі

Мектептің бас қабылдау бөлмесі негізгі кіреберіске жақын орналасқан. Сонымен қатар мектептің КС 1 кіреберісінде Бастауыш сынып оқушыларына арналған қабылдау бөлмесі бар. Қабылдаушылар екі тілде еркін сөйлейді, олар жұмыс күні барысында екі кіреберісте де кезекшілік етеді.

## Жоғары бөлім басшылары (SLT)

Жоғары бөлім басшылары (SLT): Директор, Жоғары мектеп директоры, Жоғары мектеп директоры орынбасары, ЕАЛ директоры, Кіші мектеп директоры, Кіші мектеп директорының орынбасары, Қаржы директоры.

## Әкімшілік

Әкімшілік құрамы: қаржы директоры, тіркеуші, қызметкерлер жөніндегі менеджер, ISAMS жөніндегі менеджер, есепшілер департаменті, қабылдау бөлімі, PR және маркетинг бөлімі.

Есепшілер департаменті мен қабылдау бөлімі 08.00-17.00 аралығында ашық болады.

## Медициналық кабинет

Мектеп дәрігерінің кеңсесі KS2 орта деңгей бөлігі жақта орналасқан.

Медициналық орталық балабақша кіреберісінің қасында. Жұмыс күні барысында дәрігер өз бөлмесінде қабылдау жүргізеді.

## Ата-анаға кеңес

Мектеп веб-сайтындағы ережелермен және ата-аналарға арналған өзекті ақпараттармен танысып шығуыңызды сұраймыз:

- Жаңалықтар мен ақпараттарды тұрақты түрде алып тұру үшін мектеп порталына жүйелі түрде кіріп тұрыңыз. ClassDojo Бастауыш сынып оқушылары мен барлық ата-аналарға арналған портал.
- Балаңыздың мектепке кешікпей, өз уақытында келуін, оны мектептен дер кезінде алып кетуді қамтамасыз етіңіз.
- Балаңыздың белгілі бір себептерге немесе ауырып қалуына байланысты мектепке келмей қалуы мүмкін болған жағдайда нақты себебін айтып ескертіңіз.
- Балаңыздың мектепке жүйелі түрде күнделікті келуін қамтамасыз етіңіз. Сабаққа 100% қатысуы талап етіледі. Сабақтан қалу балаңыздың оқу үлгерімінің нашарлауына әкеп соқтырады.
- Балаңыздың мектептің қоғамдық өміріне белсенді араласуын қолдап, қолдау көрсетіңіз.
- Мектептің күнтізбесіне құрметпен, түсіністікпен қарап, балаңызбен бірге баратын сапарларыңызды демалыс күндерге сәйкес келетіндей жоспарлаңыз.
- Мектептің тәртіп және жүріс-тұрыс саясатына қолдау көрсетіңіз.
- Балаңыздың уақытымен ұйықтап, тынығуына көңіл бөліңіз.
- Балаңыздың үй тапсырмаларын орындауын тексеріп, қолдап, тапсырмаларды орындауға үй ішінде жағымды атмосфера қалыптастыруға тырысыңыз.
- Балаңыздың тиісті мектеп формасын киюін қадағаланыз.
- Балаңыздың ата-аналар жиналысына келіңіз, мұғаліммен балаңыздың сабақ үлгерімі жайлы сөйлесіп, талқылаңыз, пікір алмасып тұрыңыз.
- Балаңыз қатысатын мектепшілік іс-шараларға қолдау көрсетіңіз. Кез келген іс-шараның басынан-аяғына дейін қатысқан дұрыс. Керісінше жағдайда, ерте кетіп қалу дәрекілік болып саналады.
- Ата-аналарға кез келген мектеп оқушысын суретке түсіруге болмайды. Ол үшін ата-ана рұқсатының болуы маңызды. Мектеп әкімшілігінің оқушыларды суретке түсіруге ата-анасы тарапынан берілген рұқсаты бар.
- Егер балаңыз бір нәрсеге алаңдап, мазаланатын болса, оның көңіл-күйіне кері әсерін тигізетін оқиғаның орын алғанын байқасаңыз, мектепке шұғыл түрде хабарласыңыз.
- Мектептің ұсыныстары мен ережелеріне қолдау көрсетіңіз.



- Мұғалім балаңызды сізге табыстағаннан кейін, оған бас-көз болыңыз. Өзге балаларға құрметпен қараңыз. Мектеп дәлізінде, оқу және ойын алаңдарына нұқсан келтірмей, қолданғанда ұқыпты болыңыз.
- Егер атыңызға мектептен хат-хабар келсе, міндетті түрде шұғыл жауап беріңіз.
- Ата-аналар әр күннің басында балаларын тиісті түсіру орнында қалдырып, мектеп күні аяқталған кезде сол жерден алып кете алады. Бүлдіршіндер кіреберісі бүлдіршіндер бөлімі тәрбиеленушілеріне арналған, Балабақша кіреберісі осы бөлім балаларына және 1-ші және 2-ші сынып оқушыларына арналған.
- 3-ші және 4-ші сынып оқушылары бастауыш мектеп кіреберісінен, ал 5-ші және 13-ші сынып оқушылары негізгі кіреберістен кіреді.
- Егер балаңыз үйде бір затын ұмыт қалдырса, ресепшнге тастап кетіңіз.
- Сабақ жүріп жатқанда сыныптарға кірмеңіз. Сабақтарға және сабақтан тыс қосымша үйірмелерге кіріп қатысу (ССА) тек оқушылар.
- мен қызметкерлер үшін рұқсат. Ата-аналар жиі арнайы іс-шараларға шақырылады.
- Барлық сабақтар аяқталғаннан кейін балаңызды уақытымен үйге алып кетіңіз.
- Біздің сайтымыздағы мектеп идентификаторы орта мектеп оқушылары, сонымен қатар ата-аналар мен мектепке қонақтар келген кезде көрініп тұруға тиіс.
- Дәрігер қабылдауына мүмкіндігінше мектептен кейінгі уақытқа ғана жазылыңыз. Егер сіздің балаңыз виза алуға қатысты кетуі керек болса немесе дәрігер қабылдауына жазылып қойған болса, бұл туралы мектепті 24 сағат бұрын хабардар етіңіз.
- Балаңыздың күтіміне байланысты кез келген уақытша немесе ұзақ мерзімді өзгерістер туралы мүмкіндігінше тезірек бізге хабарлаңыз, сонда мектеп оқушыларға кімнің қарайтындығы және ол үшін кім жауапты екенін толық білетін болады.



- Егер сіз белгілі бір күні балаңызды мектептен бөтен ересек адамның алып кетуін сұрасаңыз, бұл туралы міндетті түрде сынып жетекшісіне хабарлаңыз.
- Жүргізушілер мен күтушілерді жалдайтын отбасылар бұл туралы мектепке хабарлауы керек. Ата-аналар барлық жүргізушілер мен тәрбиешілердің полиция тексеруінен өткеніне көз жеткізуі керек. Бұл мектептің қауіпсіздікке қатысты талабы болып табылады.

### Мектеппен байланыс


Ата-ана мен мектеп арасындағы жақсы байланыстың болуы түрлі келеңсіз жағдайлардың алдын алуды, мектептің дұрыс бағытта жұмыс істеуі мен балаңыздың жай-күйінің жақсы болуын қамтамасыз етеді.

Сіз осы Нұсқаулықта берілген ата-ана мен мектептің қарым-қатынас жасау ережесімен таныса аласыз.

Жалпы сұрақтар бойынша ата-аналар мектептің қабылдау бөлімімен хабарласа алады. Егер сіздің сұрағыңыздың жауабын хатшы өзі бере алмаса, сізді мектептің осы сұрағына жауап бере алатын жауапты, құзыретті қызметкеріне бағыттайды.

### Медицинаға қатысты сұрақтар

- Ата-ана оқушылардың денсаулығы туралы кез-келген ақпаратпен міндетті түрде мектептің дәрігерімен бөлісуі қажет, ал қандай да бір медициналық жазбалар болса, оларды да мектеп дәрігерлеріне жеткізген дұрыс. Барлық балалар Қазақстан халқы үшін ұсынылған ережеге сәйкес егіледі деп күтілуде.
- Мектеп дәрігерлері мектеп күні бойынша **8:00 ден 15:00** ге дейін уақытында қолжетімді болады.
- Бірде-бір оқушы мектепке келгеннен кейін өз бетімен мектеп дәрігерінің рұқсатынсыз рецептімен ғана жіберілетін ешқандай дәрі-дәрмек қабылдамауы тиіс.
- Оқушы мектеп дәрігеріне келіп тексерілгеннен кейін оны растайтын анықтама беріледі, оқушы ол анықтаманы сынып жетекшісіне немесе мұғаліміне міндетті түрде беруі қажет.
- Егер мектепте балаңыздың денсаулығына қатысты қандай да бір медициналық тараптан қиындықтар туындаса, ата-ана ретінде сіз міндетті түрде хабардар боласыз. Таңертең бүлдіршіндер бөлімінің балалары





- Таңертең бүлдіршіндер бөлімінің балалары Бүлдіршіндерге арналған кіреберіс арқылы кіреді. Балабақша мен 1-ші және 2-ші сынып оқушылары балабақша кіреберісі арқылы кіреді. 3-ші және 4-ші сыныптар Бастауыш мектепке арналған кіреберістен, ал 5-ші және 13-ші сыныптар мектептің негізгі кіреберісі арқылы кіреді. Мектеп күні аяқталған уақытта Бүлдіршіндер бөлімінің балаларын, балабақшаның, 1-ші және 2-ші сынып оқушыларын ата-аналары өз сыныптарының есіктерінің алдынан келіп алып кетеді. 3-ші және 4-ші сынып балалары 1-ші кіші сыныпқа арналған кіреберісте жиналады. 5 және 13-сынып оқушыларын мектептің негізгі кіреберісінен алып кетеді. Мектептен кейін қосымша үйірмелерге баратын балаларды арнайы тағайындалған қабылдау пункттерінен алып кетуге болады, ол туралы ата-аналарға жеке хабарланады

### Оқушы қауіпсіздігі

Мектеп үшін оқушы өмірінің қауіпсіздігі өте маңызды болғандықтан, кез келген қауіп-қатердің алдын-алу мақсатында бірқатар ережелер мен рәсімдер қарастырылған. Бұл ережелер мен рәсімдер оқушының мектепте

болған уақытының қауіпсіз өтуін қамтамасыз етеді. Денсаулық сақтау және қауіпсіздікті қамтамасыз ету комитеті әр жарты тоқсан сайын кездесу өткізіп отырады, егер олар оқушының өміріне қандай да бір қауіп төніп тұрғанын сезсе, бұл жөнінде шұғыл түрде хабарлама жасайды.

Қыс мезгілінде біз жел жылдамдығы мен ауа температурасын өлшеп тұрамыз, бұл сырттағы жалпы ауа температурасын анықтауға мүмкіндік береді, содан кейін арнайы кестені қолдана отырып, оқушылардың сыртқа шығуына болатындығы немесе болмайтындығы туралы, егер оқушыға сыртқа шығуға рұқсат болса, қанша уақытқа жүру рұқсат етілетіндігі жайлы шешім қабылдаймыз. Егер оқушы сырттағы ауа райына сәйкес киінбесе, далаға шығуына рұқсат етілмейді.

Мектепте әртүрлі дәрежедегі келеңсіз жағдайдың орын алуы мүмкін жағдай екендігін ескеруіңізді сұраймыз. Бірақ жазатайым оқиғалар мен жарақат алу қаупін азайту үшін біз балалар далада ойнаған кезде қызметкерлер мен оқушылар арасындағы қатынасты ұстанамыз.

# Балаларды қорғау және коммуникация

## Балаларды қорғау

Haileybury Astana мектебінде балаларды қорғау біздің басты мақсатымыз болып табылады. Біз барлық оқушыларға мектептегі оқу кезеңінде қолдау мен қорғаныс сезімін тудыратын қауіпсіз орта құру үшін бар күшімізді саламыз. Біздің қорғау саясатымыз бен практикаларымыз жергілікті нормативтік актілер мен халықаралық үздік стандарттарға сәйкес келеді, бұл студенттерге академиялық және жеке дамуында өсіп-өркендеуге мүмкіндік беретін орта қалыптастырады.

### Балаларды қорғау дегеніміз не?

Қорғау — бұл оқушылардың әл-ауқатын қамтамасыз етуге бағытталған іс-әрекеттер мен шаралар, олар мыналарды қамтиды:

- Балаларды зорлық-зомбылықтан және бейжай қараудан қорғау.
- Физикалық және эмоционалдық әл-ауқатын қолдау.
- Оқу үдерісіне қолайлы және қауіпсіз орта қалыптастыру.
- Балалардың қауіпсіздігі мен дамуына теріс әсер етуі мүмкін жағдайларды, оның ішінде онлайн қатерлерді болдырмау.


### Негізгі қорғау әдістері:

1. **Ашық қарым-қатынас:** оқушылар өз сезімдерімен сенімді ересектермен, мектеп қызметкерлері немесе ата-аналармен бөлісуге ынталандырылуы керек.
2. **Әл-ауқат пен психикалық денсаулықты қолдау:** маман кеңесшілер мен тәрбиешілер оқушыларға құпия түрде кеңес береді мен қолдау көрсетеді.


## Балаларды қорғау тобы

Мектепте арнайы балаларды қорғау тобы бар, оның құрамына кіреді:




 **Лианна Домингес**  
Жоғары мектеп  
басшысының  
орынбасары/  
Балаларды қорғау  
мәселелері жөніндегі  
жетекші



 **Лиам Стюарт**  
Бастауыш мектеп  
басшысы/Балаларды  
қорғау мәселелері  
жөніндегі жетекшінің  
орынбасары



 **Камила Ахметниязова**  
EAL мұғалімі/  
Балаларды қорғау  
мәселелері жөніндегі  
жетекшінің әкімшілік  
орынбасары

Мұғалімдер (бастауыш мектеп) және хаусмастерлер/жетекшілер (жоғары мектеп) күнделікті мәселелерді шешу үшін алғашқы байланыс тұлғалары болып табылады.

Психологтар мен медициналық қызметкерлер оқушыларға көмек көрсетеді.

Барлық қызметкерлер балаларды қорғау мәселелерін анықтау, оларға жауап беру және хабарлау мақсатында тұрақты түрде оқытудан өтеді.

### 3. Қауіпсіз физикалық және онлайн кеңістіктер:

- Барлық мектеп ғимараттары қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін үнемі тексеріледі.
- Оқу процесінде оқушыларға цифрлық сауаттылық және интернеттегі қауіпсіздік туралы білім беріледі.

4. **Бақылау:** Мектеп қызметкерлері оқу сағаттары, қосымша сабақтар және экскурсиялар кезінде оқушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз етеді.

5. **Тұрақты оқыту:** Барлық қызметкерлер балаларды қорғау және зорлық-зомбылыққа қарсы шаралар бойынша үнемі білім алады.

### Мәселелер туралы хабарлау:

Егер ата-ананың, оқушының немесе қызметкердің балаларды қорғау мәселесіне қатысты алаңдаушылықтары болса:

1. **Балаларды қорғау мәселелері жөніндегі жетекшімен (DSL) байланыс:** Барлық алаңдаушылықтар DSL-ге электрондық пошта арқылы немесе жеке түрде дереу хабарлануы тиіс.
2. **Құпиялылық:** Барлық хабарламалар құпия түрде және үлкен сақтықпен қарастырылады. 3. **Тексеру және қолдау:** Балаларды қорғау тобы алаңдаушылықты зерттеп, қажет болған жағдайда баланың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін сыртқы ұйымдарды тартады.

### Ата-аналардың балаларды қорғаудағы рөлі:

Балаларды қорғаудағы серіктестер ретінде ата-аналар өз баласының қауіпсіздігі мен әл-ауқатын қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады. Үй ішіндегі орта баланың физикалық, эмоционалдық және психологиялық дамуын қалыптастыруда шешуші фактор болып табылады.

**Қауіпсіз үй ортасын қалыптастыру:** бала өзін бағалы сезінетін, қауіпсіз әрі қамқор ортада өсуі үшін үйде қолайлы жағдай жасаңыз. Баланы физикалық немесе эмоционалдық зиян келтірмей, оқу мен дамуына ықпал ететін оң тәрбиелеу стратегияларын қолдану маңызды.

**Коммуникация:** балаңызбен сенімді байланыс орнатып, оны сезімдерімен бөлісуге ынталандырыңыз.

**Хабардар болу:** балаңыздың интернеттегі әрекеттеріне назар аударыңыз және оны қауіпсіз интернет пайдаланушысы болуға үйретіңіз.

**Қолдау:** мектеппен бірге балаларды қорғау мәселелерін шешуге атсалысып, балалардың қауіпсіздігі мен әл-ауқаты тақырыбындағы мектеп семинарларына қатысыңыз.

### Интернеттегі қауіпсіздік

Қазіргі цифрлық дәуірде интернеттегі қауіпсіздік балаларды қорғаудың маңызды бөлігі болып табылады. Мектеп ұсынады:

- **Цифрлық қауіпсіздік сабақтары:** Оқушылар мен ата-аналарға интернеттегі қауіптер мен олардан қорғану стратегияларын түсінуге көмектесу, соның ішінде кибербуллинг, әлеуметтік желілерді пайдалану және сандық іздерді басқару.
- **Интернет мониторингі:** Мектептің құрылғыларында оқушыларды қорғау үшін мониторинг жүйелері орнатылған.

### Назар аударуды қажет ететін белгілер:

- Мінез-құлқы пен көңіл-күйде күрт өзгерістер.
- Жарақаттар немесе мектепке баруға қарсы болу.
- Онлайн әрекеттерді шамадан тыс жасыру.
- Достарынан немесе отбасынан оқшаулану.

Егер сіз осы белгілердің бірін байқасаңыз, дереу балаларды қорғау тобымен байланысыңыз.



## Құпиялылық және жеке өмір

Мектеп барлық балаларды қорғау мәселелерін жоғары құпиялылықпен қарайды.

Алайда, егер балаға қауіп төнсе, мектеп оның қауіпсіздігі үшін ақпаратты тиісті органдарға беруі қажет.

Қосымша ақпарат алу үшін мектептің [балаларды қорғау саясатын](#) веб-сайттан оқып шығуға немесе балаларды қорғау мәселелері бойынша жетекшімен байланысуға болады.

Ата-аналар барлық жастағы оқушылар мен мұғалімдердің құпиялылық құқықтарын және олардың жеке деректерін қорғауды қамтамасыз етуі керек. Жеке деректерге, әсіресе, оқушылар, олардың қамқоршылары мен мұғалімдер туралы жиналған ақпарат кіреді. Мұндай деректерге мыналар жатады:

- Белгілі бір тұлғаға қатысты мәліметтер, соның ішінде сол тұлғаның суреті.
- Оқушыға қатысты мәліметтер, соның ішінде оқушының профилі, байланыс деректері (үй мекенжайы, сынып), академиялық тәртібі мен оқу нәтижелері, тесттер мен емтихандардың көрсеткіштері, оқушының құжаттары, сонымен қатар басталған немесе аяқталған тәртіптік шаралар мен мектептің ата-аналарға ұсынған есептері.
- Оқушының ата-анасы немесе қамқоршысы туралы мәліметтер, соның ішінде басқа оқушыларға қатысты ақпарат, сондай-ақ мектептің ата-аналарға ұсынған есептері.
- Мектеп мұғалімі туралы мәліметтер, соның ішінде оның байланыс деректері (атағы, үй мекенжайы), оқытатын пәндері, оқу бағдарламасы, бағалары, сондай-ақ басталған немесе аяқталған тәртіптік шаралар.

Жеке деректер белгілі бір мақсаттар үшін қолданылуы тиіс, олар құқықтар, бостандықтар мен мүдделердің теңгерімін ескереді және тиісті мемлекеттік органдарға, оқушылардың және/немесе ата-аналардың және/немесе мұғалімдердің құқықтарын қорғау ұйымдарына, сондай-ақ мектеп әкімшілігіне, Қазақстан Республикасының заңнамасы немесе мектептің ішкі құжаттарында көзделген рәсімдер шеңберінде берілуі мүмкін. Жеке деректер осындай мақсаттармен үйлеспейтін түрде пайдаланылмауы тиіс.

Жеке деректерді интернеттегі онлайн-платформалар немесе мессенджерлер арқылы тараптардың рұқсатынсыз жариялау тиым салынады, және бұл әрекетке ұшыраған тұлға Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша құқықтық қорғау шараларына жүгінуге құқылы.

## WhatsApp арқылы байланыс

Haileybury Astana мектебі мектеп пен ата-аналар арасында тиімді және құрметті қарым-қатынасты дамытуға ұмтылады. WhatsApp — шұғыл жаңартулар мен маңызды хабарламаларды жіберу үшін қосымша арна болып табылады. Оның жауапкершілікпен қолданылуын қамтамасыз ету үшін төмендегі ережелермен танысуды сұраймыз.



### WhatsApp арқылы байланыс мақсаттары:

- Маңызды ақпаратты жеткізу, мысалы, ауа райы туралы ескертулер, сабақ кестесінің өзгеруі немесе ескертпелер.
- Мектеп іс-шаралары мен мерзімдері туралы хабарландыруларды тарату.
- Ата-аналарға мектептен уақтылы және дәл ақпарат беру.

## **Ресми WhatsApp топтары**

1. **Құрылымдық деңгейдегі топтар:** нақты бөлімдермен (бастауыш мектеп, жоғары мектеп) байланысты жаңартуларды тарату үшін мектеп тарапынан басқарылады және бақыланады.
2. **Мектепке арналған хабарламалар:** бүкіл мектеп қауымдастығына қатысты маңызды ақпаратты ұсыну үшін мектеп тарапынан басқарылады.
3. **Арнайы іс-шараларға арналған топтар:** іс-шараларды ұйымдастыру үшін құрылған уақытша топтар.

## **Мектептің ресми WhatsApp топтары үшін ережелер**

### 1. Қолдану ережелері:

- Ресми топтардағы хабарламалар тек оқу процесімен байланысты және өзекті ақпаратпен шектелуі тиіс.
- Жеке сұрақтар, пікірлер немесе мәселелер мектеп қызметкерлеріне электрондық пошта немесе телефон арқылы бағытталуы керек.

### 2. Құпиялылық және жеке өмір:

- Ата-аналарды, айқын өзектілік пен тиісті контекстке ие болмаса, басқа оқушылардың есімдері, суреттері немесе жеке ақпараттарын топтық талқылауларда бөліспеуге сұраймыз.
- Оқушыларға қатысты сезімтал мәселелер тек мектеп қызметкерлерімен жеке тәртіпте талқылануы тиіс.

## **Ата-аналардың ұйымдастырған жеке WhatsApp топтары**

Мектеп ата-аналардың жеке қарым-қатынасы үшін WhatsApp топтарын құруды қолдайды. Бұл топтар мектеппен тікелей байланысты болмаса да, олардың тиімді әрі дұрыс қолданылуын қамтамасыз ету үшін ережелерді сақтау ұсынылады.

### 1. Құпиялылық:

- Басқа оқушылардың жеке ақпаратын немесе есімдерін тиісті келісім алынбаса таратудан аулақ болыңыз.
- Белгілі бір оқушылар, мұғалімдер немесе мектептің сезімтал мәселелері туралы талқылауды жүргізбеу ұсынылады, себебі бұл түсініспеушіліктерге немесе құпиялылықтың бұзылуына әкелуі мүмкін.

### 2. Құрметпен қарым-қатынас:

- Әдепті және құрметті қарым-қатынас сақтаңыз. Мектеп қоғамдастығындағы қатынастарға зиян келтіретін өсектерді, шағымдарды немесе орынсыз мазмұнды таратудан аулақ болыңыз.
- Мектептің ішкі мәселелеріне қатысты барлық сұрақтар мектеп қызметкерлерімен тікелей ресми байланыс арналары арқылы шешілуі тиіс.

### 3. Хабарландыру:

- Мектеп ата-аналардың жеке топтарындағы мазмұнға жауапты емес және мұндай талқылауларда туындаған мәселелерді мектептің араласуынсыз өз бетімен шешуді сұрайды.

## **Қатысудан бас тарту:**

Егер сіз мектеп ұйымдастырған WhatsApp топтарына қатысудан бас тартсаңыз, мектеп офисіне жазбаша түрде хабарлаңыз. Маңызды жаңартулар альтернативті арналар арқылы, мысалы, электрондық пошта немесе ата-аналар порталы арқылы жіберіле береді.

## **Мәселелер туралы хабарлау:**

Егер сіз WhatsApp тобының (ресми немесе жеке) дұрыс пайдаланылмауын немесе құпиялылықтың бұзылуын байқасаңыз, өтініш, дереу мектеппен байланысыңыз.

## Келушілер үшін ақпарат

- Балалардың құқықтары мен қауіпсіздігін қорғау біз үшін өте маңызды, сондықтан мектепке кірген кезде біз сіздің жеке басыңызды растау құжатын сұраймыз.
- Өрт болған жағдайда персоналдың нұсқауларын орындаңыз, жақын маңдағы шығу арқылы көшеге шығып, одан әрі нұсқаулар беретін жиналу аймағындағы қызметкермен тексеріңіз.
- Келушілер ересектерге арналған дәретханаларды пайдалануы керек.
- Мектепте балаларды фотоға және бейнеге түсіруге тыйым салынады.
- Мектеп 24 сағат бойы бақылауда.
- Өту белгісін әрқашан киіп жүріңіз және оның көрінетініне көз жеткізіңіз.
- Біз барлық ересектер мен балалардың мектепте өздерін сыпайы сөйлеу мәнерін ұстанып, басқаларға құрметпен қарауын күтеміз.

Егер сіз баланың әл-ауқаты туралы алаңдасаңыз, Джон Коулзға, Томас Хиллге, Лиам Стюартқа, Лианна Домингеске немесе мектептің көшбасшылық тобының мүшесіне хабарласыңыз.



**Джон Коулз**  
*Мектеп директоры*



**Лианне Домингес**  
*Жоғары мектеп директоры/DDSL*



**Камила Ахметниязова**  
*DDSL*



**Лиам Стюарт**  
*Бастауыш мектеп директоры/DDSL*



# Академиялық стандарттар

Мектеп үшін үлгерім деңгейінің Жоғары дәрежеде болғаны өте маңызды, сондықтан да академиялық жұмыстар біздің барлық іс-әрекеттеріміздің бастауы болып табылады. Мектепте болып жатқан және жоспарлы түрде жүргізілетін басқа іс-шаралардың да өзекті болуына қарамастан, білім ордасы үшін академиялық үлгерім ең басты әрекет түрі болып қала бермек.

Оқу жылының соңына қарай күтілетін деңгей дәрежесіне жете алмаған оқушылар сол сыныпты қайта оқу үшін екінші жылға қалдырылуы мүмкін. Бұл мәселе оқушының сабаққа дұрыс келмеуінен, сабаққа деген ынтасының жоқтығынан немесе оқушының мектептегі академиялық талаптарға сай бола алмай, қиындықтарға ұшырауынан туындауы ықтимал. Егер үйде оқытатын мұғалім, не пән мұғалімі немесе сынып жетекшісі оқу жылының соңында сыныпындағы қандай да бір оқушының екінші жылға қалдырылуы мүмкін деген пікір айтса, бұл мәселе сол оқушының ата-анасымен жеке болатын жиналыста қарастырылып, болған жиналыс нәтижесі ата-анаға электронды хат түрінде де жіберіледі. Мектебімізде мұндай категорияға ілігетін оқушы санының көп болмайтындығы қуантады, дегенмен осындай жағдай орын алған болса, мектептің шешімі шешуші әрі соңғы болып қалады.

## Үй жұмысы

Біз қызметкерлер мен ата-аналар арасындағы қалыптасқан қарым-қатынасты мақтан тұтамыз. Оқыту үйден басталатын процесс, сол себепті де өз тарапымыздан мектеп мұғалімдері мен ата-аналардың бір-бірімен ашық әрі сенімді байланыс орнатуларына мүмкіндік беретін қолдаумен, сондай-ақ қарым-қатынас жасаудың қолжетімді болуын қамтамасыз етеміз.

Үйден оқыту балаңыздың өз бойындағы ұйымдастырушылық және уақытты басқару дағдыларын, өзін-өзі тәрбиелеу, мектептен тыс қорларды пайдалану дағдыларын және

білім алу процесіндегі жеке жауапкершілігін дамытуға көмектеседі.

Үйде оқыту – бұл баланың сыныптағы білім алуға деген ынтасын күшейту үшін өмір бойы білім алу, іздену әдеттерін қалыптастыру мақсатында және оқушыларға өз оқуы үшін жауапкершілікке ие болу мүмкіндігін бере отырып, ата-аналар мен балалардың бірлесіп жұмыс істеуі болып табылады.

Ата-ана мектеппен тығыз ынтымақтастыққа болып, баласының үй тапсырмасы жайлы сұрақтар қойып, академиялық үлгеріміне қызығушылық танытқаны жөн. Балаға өзіне тапсырылған тапсырманы жауапкершілікпен орындау қажеттігін түсіндіріп, осы дағдыны Бастауыш сыныптан бастап қалыптастыру өте маңызды.

Балаларды теледидар, ұялы телефондар және т.б. сияқты заттарға алаңдатқызбай, үйге берілген оқу тапсырмаларын сапалы орындауы үшін тыныш орынмен қамтамасыз ету аса маңызды. Әлемдік тәжірибелер көрсеткендей, егер ата-ана баласының үй тапсырмасы жайлы сұрақтар қойып, академиялық үлгеріміне қандай да бір дәрежеде қызығушылық танытса, оның бойында өзіне тапсырылған тапсырманы жауапкершілікпен орындау қажеттігі, дер кезінде мұқият орындау керек екендігі деген жағымды сезім ұялатады екен. Сонымен қатар үй тапсырмасы да әдетте Жоғары деңгейде жүзеге асырылады.

## Білім алу үдерісіндегі көрсетілетін көмек (LS)

Белгілі бір қиындықтардың болуына орай кейбір балалар үшін білім алу, тапсырмаларды орындау барысында қосымша көмек қажет болуы мүмкін. Мектебімізде осындай қосымша көмекті қажет ететін балаларды сынақтан өткізіп, кәсіби көмек ұсына алатын кәсіби біліктері сәйкес келетін үш маман бар. Дегенмен біздің мұндай балаларға беретін көмегіміз, өкінішке орай, шектеулі дәрежеде ғана, себебі мектеп денсаулығында елеулі ақауы бар балаларға арналмағандықтан қажетті керек-жабдықтармен жабдықталмаған.





Сол себепті балаға қандай да бір қосымша көмек қажет болса, не болмаса басқа да қажеттіліктер талап етілетін болса, мектепке қабылданар алдында ата-ана алдын-ала хабарлауға тиіс.

### **Ағылшын тілі қосымша тіл ретінде (EAL)**

Мектептегі кейбір оқушылар ағылшын тілі сабақтарында Ағылшын тілі қосымша тіл ретінде оқытатын департаменттің мұғалімдерімен жеке сабақ алып оқулары мүмкін. Оқушының жеткен жетістігі мен қол жеткізген нәтижесі үнемі сарапталып отырады, егер қорытындысы қажет етілген деңгейге сәйкес келетін болса, оқушы өз сыныптастарымен бірге жас ерекшелігіне сай білім бағдарламасы бойынша стандартты ағылшын тілін оқуға құқылы.

### **Орыс тілі**

3-сыныптан бастап оқушылар Орыс тілі пәнін оқиды.

### **MFL – заманауи шет тілдері**

7-сыныптан бастап жалпы ағылшын тілін білу бойынша талапқа сай деңгейге қол жеткізген оқушыларға Заманауи шет тілдері курсынан қосымша қандай да бір шет тілін таңдауларына рұқсат беріледі. Мәселен, француз тілі мен испан тілі.

### **Үлгерім жөніндегі хабарлама**

Әрбір ата-ананың өз баласының сабақ үлгерімі жайлы хабардар болғысы келетіні заңды құбылыс. Бұл үшін мектеппен кері байланыс жасаудың екі түрі бар – ресми және бейресми. Күзгі және жазғы семестр аяғында ата-аналар балаларының сабақ үлгерімі жайлы кеңейтілген толық есеп алады. Бастауыш сыныптарда ата-аналар желтоқсан және маусым айларында толық жазбаша есеп алады. Сондай-ақ жыл ішінде жас ерекшеліктеріне байланысты оқу үлгерімін бағалау және оқыту тәсілдері бар екі аралық есеп беріледі.

Бұған қосымша, мектеп жыл бойы ата-аналар конференцияларының тұрақты кестесін ұйымдастырады.

Қалған уақытта пән мұғалімдері мен сынып жетекшілері, сынып мұғалімдері және мектептің Жоғары басшылық мүшелері ата-аналармен қосымша байланысып, қандай да бір төтеннен пайда болған сұрақтар жөнінде пікірлесіп, кездесу өткізуі мүмкін. Сондай-ақ, ата-аналар оқу жылы ішінде балаларының пән мұғалімдерімен сөйлесу үшін жұмыс күнінің кез келген уақытына кездесу белгілей алады.



Мектебімізде толық жұмыс күні режімінде жұмыс істейтін кәсіби кеңесші бар. Оқушыларды ата-аналар немесе мұғалімдер кеңесшіге жібере алады немесе маманмен кездесуді балалардың өздері де сұрай алады

### **Ережелер мен рәсімдер**

Оқушылардан күтілетін нәтиже:

- Үнемі елгезек және өзгелерге қамқор болыңыз;
- Мектеп қауымдастығының кез келген мүшесіне құрмет көрсетіңіз;
- Үлкен мен кішіге сыпайы, әрқашан ұқыпты болыңыз;
- Оқу-білімге бар күшіңізді, ынтаңызды салыңыз;
- Мектептің және өзге оқушылардың мүлкін құрметтеу, күтіп ұстау;
- Мүмкіндігінше әрдайым ағылшын тілін қолданыңыз;
- Сабақ арасында кешікпей келіңіз, сабақ болып жатқанда сыныбыңызға үндемей кіріңіз.

Біз оқушылардың сабақ үлгерімі мен қандай да бір елеулі жетістіктерін атап өтіп, мадақтау мақсатында марапаттау жүйесін қолданамыз. Марапаттау тек жетістіктері үшін берілмейді. Жетістікпен қоса оқушының ынтасы, өз нәтижелерін жетілдіруге талпынысы, ерекше мейірімділігі мен өзге оқушыларға көмектесуге тырысуы қоса есептеледі. Бұндай ассамблеялар

Мектепалды даярлық топтары мен Бастауыш сыныптарда әр аптада, ал орта, негізгі және Жоғары деңгей оқушылары үшін апта сайын жеке өткізілетін ассамблея кезінде беріледі.

Директор хаттарында жекелеген оқушылардың жетістіктері жайлы толығырақ әрі жиі айтылады, ал Үй жетекшілері бұл туралы өз Үй жиналыстарында (House Assemblies) айтады.

Біз сондай-ақ уақтылы және 100% сабаққа қатысатын оқушыларды қосымша марапаттаймыз. Төменгі сыныптарда біз әр кезең бойынша сабаққа ең жақсы қатысқан сыныпқа апта сайынғы сабаққа қатысу кубогын беріп отырамыз.

## Тәртіп

Оқушылар балалықпен кейде қателесіп, мектеп ережесіне сәйкес келмейтін іс-әрекеттер жасап жатуы жиі кездесетін түсінікті жайт. Балалардың тәртіпті және дұрыс тәрбиеленуін білім беру ісінің бір ажырамас бөлігі ретінде қарайтындықтан, тәртіп мәселесі біз үшін өте маңызды. Егер оқушы қандай да бір тәртіпсіздікті әдейі қасақана немесе қайталап жасамағаны белгілі болса, біз оны жазаламауға тырысамыз, әсіресе, бастауыш сынып оқушыларын. Алайда оқушылардың тәртіпсіздіктің нәтижесінен жаман нәрсе екенін, неге мектепте жасамау керектігін түсінудері тиіс. Оқушылардың жастары есейген сайын олардан тәртіпті, сабырлы болып, байсалдылық танытулары, жасайтын әрбір әрекеттеріне қатысты мол жауапкершілік талап етіледі.

Мектеп қауымдастығы мүшелерінің бірде-бірін жәбірлеуге, келемеждеуге немесе оларға дәрекі сөйлеуге, сонымен қатар қарсы күш қолдануға, мектептің мүлкін әдейі, қасақана бүлдіруге, күрделі қиындықтарға апаратын әрекеттер жасауға тыйым салынады. Егер оқушының осындай әрекеттері байқалса, міндетті түрде оған қатысты қатаң шара қолданылатын болады.

Мектепалды даярлық топтарына мұғалімдері мен өзге топтас балаларын тістейтін немесе ұратын балалар келсе, мектепке қабылданбайды. Осындай тәртіп бұзушы оқушылардың ата-аналары мектепке шақырытылып, оқушы үйіне жіберіледі.

Егер олардың мінез-құлқы ескертуден кейін де жақсармаса немесе одан да ауыр құқық бұзушылықтар орын алатын болса, Mile Post басшысы немесе Үй басқарушысы балалармен сөйлесетін болады.

Мектепшілік ереже өрескел бұзылған немесе қайталанған жағдайда ақпарат директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарына және Бастауыш мектеп басшысына жеткізіледі.

Осыдан кейін олар берілген мәселені қарастырып, қажет деп тапқан жағдайда мектеп директорын құлағдар етеді. Мұндай тәртіп бұзушылық әрекеттерін мектеп директоры қарастырған жағдайда берілетін жаза да ауырлайды, салмақты да болады.

**Сабақтан кейін қалдыру:** деңгей жетекшісінің келісімімен мектептің кез келген қызметкері бұл тәртіптік жазалау шарасын қолдана алады. Бұл тәртіптік жазалау оқушының төмендегі әрекеттері үшін қолданылады: дерексіздік таныту, сыйластықтың болмауы, бірыңғай стандарттарды сақтамау, өзгелерді құрметтемеу, жәбірлеу, бейәдеп сөздерді қолдану. Үй басшысы немесе Жоғары басшылық тарапынан болатын бұл жазалау түрі тәртіпті өрескел түрде бұзғаны үшін қолданылады. Бұл шара сағат 3:30-дан кешкі 4:20-ға дейін созылады және осы уақыт аралығында басқа іс-шараларға қатысуға рұқсат берілмейді.

**Уақытша мектепшілік іс-шаралардан алыстатылуы, қатыстырылмауы:** мектеп директорының шешімімен белгілі бір мерзім аралығында оқушының бейәдепсіздігі, тәртіпсіздігі үшін сабақтан босатылып, өз тобынан бөлек өзге мұғалім бақылауында болуы талап етіледі.

**Уақытша мектептен шығару:** мектеп директорының шешімімен белгілі бір мерзім аралығында оқушы үйіне жіберіліп, сабаққа қатыстырылмайды.

**Мектептен біржола шығару:** «Өрескел тәртіп бұзушылық» журналына оқушының тәртіпсіздігі туралы баянхат тіркелген соң немесе мектеп директоры баланың ата-анасына бірнеше ескертпе хат жібергеннен кейін оқушыны өте өрескел тәртіпсіздігі үшін мектептен біржола шығара алады.

## Оқушының сабаққа қатысуы

Тиянақты білім алу үшін оқушының сабақтан қалмай мектепке келуі өте маңызды. Оқушы мектепке ауырып, өзін жайсыз сезінген күннен басқа кездің бәрінде келіп, сабаққа қатысуға тиіс. Егер оқушы мектепке ауруына байланысты келмейтін болса, ата-анасы таңғы сағат 8-ге дейін және келмеген күні кешкі 9-ға дейін хабарласып, келмейтіндігі жөнінде хабар беруі қажет. Кез келген себепке байланысты мектептегі сабағын жіберіп алған оқушы мектепке келген кезде қабылдау бөлмесіне түсініктеме қалдыруға тиіс. Егер оқушы ауруына байланысты 3 күннен көп сабақтан қалатын болса, оқушы мектепке келген кезде оның қолында емдеуші дәрігердің анықтама хабарламасы міндетті түрде болуға тиіс.



**celebrating**  
Innovation and Excellence:  
GROUNDBREAKING CEREMONY FOR  
THE NEW STEM CENTRE

Holeybury Adams  
**New STEM Centre**  
Opening September 2022

STEM



Edmondstone



Kipling



Bartle Frere



Attlee

### Үй жүйесі

Мектепте білім алатын әрбір оқушы белгілі бір сыныпқа қалай бөлінетін болса, Үйге де дәл сол тәртіп бойынша бөлінеді, яғни мектептегі төрт Үйдің бірінің құрамына енеді.

Бұл тұлғалар Ұлыбританиядағы Haileybury мектебінің бұрын білім алған үздік тұлғалары. Бастауыш мектепте және Орта мектептегі әрбір Үйде үй мүшелерінің пікірлерін тыңдап, іріктеуден өткізген соң Үй жетекшілері таңдаған және тағайындаған екі Үй капитаны болады. Әр Үй өз мүшелерімен тұрақты түрде жиналып тұрады. Үй жүйесі барлық жастағы оқушыларды біріктіреді, себебі мектептегі әрбір оқушы белгілі бір үй мүшесі

болып табылады. Бұл барлық мұғалімдер мен мұғалім көмекшілеріне де ортақ Үй жүйесінде үлкендер кішілерге үлгі болып, ересек оқушылардың жетекшілік дағдыларын дамытуға септігін тигізеді.

Оқу жылы барысында сыныпаралық спорттық және музыкалық және т.б. тақырыптардағы үй жарыстары өткізіліп тұрады. Жыл аяғында болатын салтанатты жиында әр Үйдің академиялық үлгерімі, Haileybury әдеттерін ұстанып, үнемі үлгі бола алғандары ескеріліп, басқа да ұпай сандары анықталып, ең басты Жұлде жеңімпаз Үйге тапсырылады. Жыл сайынғы Үй жарыстарына арналған командалық кубоктар бар.





### Үйірмелер мен қосымша сабақтар (ССА)

Сабақтан кейінгі қосымша сабақтар (ССА) Хэйлибери Астана мектебі өмірінің ажырамас бір бөлігі болып табылады. Қосымша сабақтар мен үйірмелер оқушылардың жасырын, ашылмаған таланттарын, дарындары мен қабілеттерін толығымен ашып, одан әрі дамытуға септігін тигізеді. Негізгі білім бағдарламасының талабына сай білім алу үдерісінде толығымен ашыла алмаған оқушы бұл сабақтарда өзін еркін сезініп, тек жүрегі қалаған әуес ісімен айналысуға мүмкіндік алады. Бұл қосымша сабақтар түстен кейінгі сабақтардан кейін жүргізіледі (1-13 сыныптар). Егер оқушылар қандай да бір сырттан шақыртылған маман жүргізетін қосымша сабақтарға қатысатын болса, ол үйірмелер ақылы болып табылады. Қосымша сабақтар мен үйірмелер тақырыбы жағынан да, мазмұны жағынан да бірін-бірі қайталамайды, оқушыларға кең көлемді әрі қызықты үйірмелер ұсынылады. Кейбір қосымша сабақтар үшін арнайы жабдықтар қажет болуы мүмкін.

Ата-аналар жиналысы болатын күндері қосымша сабақтар мен үйірмелер сол күні өткізілмейді. Ата-аналар мен оқушылар бұл туралы алдын-ала хабардар болады.

### Мектеп формасы және оқушының сыртқы келбеті

Мектеп оқушылары әкімшілік бекіткен арнайы мектеп формасын киюге міндетті.

Оқушының аяқ киімі қара түсті, қарапайым, киюге ыңғайлы болуы қажет (қыз баланың киетін туфлінің өкшесі 3 см-ден биік болмауға тиіс). Қара түсті спорттық аяқ киім болып табылатын кроссовкийді киюге тыйым салынады.

Салқын ауа райында оқушылар кәдімгі мектеп формасын киюі қажет. Оқушылар пиджакты

киюге міндетті, ыстықтаған кезде сынып бөлмесінің ішінде шешіп, сабақ біткеннен кейін қайта киіп алуына болады. Түскі асқа барған кезде де шешіп, тамақтанып болған соң қайта киіп алуы шарт. Қыздардың белдемшелері тізеден төмен болуы қажет, ал жейделер шалбардың және белдемшенің ішіне салынып тұруы керек.

Жазғы уақытта (жазғы триместр, наурыз айы мен қазан аяғының аяғына дейін) оқушылар мектептің шолақ жеңді ақ жейдесі мен Үй галстугін тағуға болады. Оқушыларға пиджакті мектептің ресми жиналыстарынан басқа кезде киіп жүру міндетті емес.

6-сыныпқа дейінгі қыздар мектеп формасына жататын қысқа жеңді көйлекті киюлеріне болады. 6-сыныпқа дейінгі ұлдарға мектеп киімінің келтекей (шорты) киюлеріне рұқсат. Ал ересек сынып қыздары мектептің шолақ жеңді ақ жейдесі мен белдемше кие алады. Мектеп директорының галстукті тақпауға болатындығы туралы айтқан бұйрығы болмаса, галстукті оқу жылы бойы тағып жүру міндетті.

Оқушылардың шаштары үнемі мұқият жиналған, таралған болуы шарт. Ұл балалардың шаштары жейдесінің жағасынан төмен түспеуі тиіс. Боялған немесе қырылған, сонымен қатар заманауи сәнді шаш үлгілері мектепте рұқсат етілмейді. Қыздардың шаштары желкелеріне қарай жиналып, түйілген немесе өрілген болуы шарт. Денеге қандай да бір татуировка салуға немесе пирсинг тағуға қатаң тыйым салынады.

Халықаралық бакалавр бөлімі оқушыларына арналған талғампаз іскери форма мектеп киім дүкенінде сатылады.

11-сыныпқа дейін мектепте макияж, салпыншақ сырғалар мен сақиналар тағуға тыйым салынады. Оқушыларға мектепке боялған тырнақпен келуге болмайды.

# Мектеп формасы

## Бүлдіршіндер тобы

Қыздар:	Ұлдар:
Көк түсті мектеп жакеті	Көк түсті мектеп жакеті
Көк түсті шалбар	Көк түсті шалбар
Көк түсті келтекей	Көк түсті келтекей
Ұзын \ қысқа жеңді поло жейде	Ұзын \ қысқа жеңді поло жейде
Ынғайлы аяқ киім	Ынғайлы аяқ киім





## Балабақша бөлімінен 4-сыныпқа дейінгі мектеп формасы

Қыздар:	Ұлдар:
Маджента жемпірі	Маджента жемпірі
Ұзын \ қысқа жеңді көк поло жейде	Ұзын \ қысқа жеңді көк поло жейде
Белдемше (кильт)	Сұр шалбар
Үй поло жейдесі	Үй поло жейдесі
Көк түсті колготка	
Жазғы маусымда көк шұлық (басқа түсті ұзын әрі қысқа шұлық немесе колготка рұқсат етілмейді)	Қара немесе сұр түсті шұлық
Қара түсті былғары аяқ киім	Қара түсті былғары аяқ киім
Мектеп сөмке	Мектеп сөмкесі – үлкен
Жазғы \ қысқа көйлек	



## 5-6 сынып оқушыларының мектеп формасы

Қыздар:	Ұлдар:
Көк түсті мектеп жемпірі	Көк түсті мектеп жемпірі
Ақ жейде (қыста ұзын жеңді, жазғы маусымда қысқа жеңді)	Ақ жейде (қыста ұзын жеңді, жазғы маусымда қысқа жеңді)
Үй галстугі	Үй галстугі
Белдемше (кильт) / Сұр шалбар	Сұр шалбар
Үй поло жейдесі	Үй поло жейдесі
Көк түсті колготка Жазғы маусымда көк шұлық (басқа түсті ұзын әрі қысқа шұлық немесе колготка рұқсат етілмейді)	Қара немесе сұр түсті шұлық
Қара түсті былғары аяқ киім	Қара түсті былғары аяқ киім
Мектеп сөмкесі – үлкен	Мектеп сөмкесі – үлкен
Жазғы \ қысқа көйлек	



**(7-11 сынып) Орта мектеп оқушыларының мектеп формасы**

<b>Қыздар:</b>	<b>Ұлдар:</b>
Көк түсті мектеп жемпірі	Көк түсті мектеп жемпірі
Ақ жейде (қыста ұзын жеңді, жазғы маусымда қысқа жеңді)	Ақ жейде (қыста ұзын жеңді, жазғы маусымда қысқа жеңді)
Үй галстугі	Үй галстугі
Белдемше (кильт) немесе сұр шалбар	Сұр шалбар
Үй поло жейдесі	Үй поло жейдесі
Қара түсті колготка	
Жазғы маусымда ақ қысқа немесе ұзын шұлық (қара түсті ұзын әрі қысқа шұлық киюге рұқсат етіледі)	Қара немесе сұр түсті шұлық
Қара түсті былғары аяқ киім	Қара түсті былғары аяқ киім
Мектеп сөмкесі – үлкен	Мектеп сөмкесі – үлкен



### Алтыншы бөлім оқушыларының мектеп формасы

Қыздар:	Ұлдар:
Мектеп костюмі	Мектеп костюмі және галстугі
Жейде (ешқандай суретсіз және белгісіз)	Жейде (ешқандай суретсіз және белгісіз)
Қара түсті былғары аяқ киім	Қара түсті былғары аяқ киім

### Спорттық киім

Қыздар:	Ұлдар:
Haileybury мектебінің спорттық костюмі	Haileybury мектебінің спорттық костюмі
Спорттық поло жейде	Спорттық поло жейде
Көк келтекей (шорты/лосины)	Көк келтекей (шорты)
Спорттық аяқ киім	Спорттық аяқ киім
Көк түсті суда жүзу костюмі	Көк түсті суда жүзу костюмі
Жүзуге арналған Үй қалпағы	Жүзуге арналған Үй қалпағы



### Оқушының жеке заттары

Біз мектеп оқушыларының үйден құнды, бағалы заттарын әкелуін құптамаймыз, себебі күні бойы ол өзімен алып жүретіндіктен байқаусызда сындырып алуы немесе жоғалтып алуы да мүмкін. Әр оқушы үйінен әкелген жеке заттарының қауіпсіздігі үшін өзі жауапты болып табылады.

Мектеп қызметкерлердің, оқушылардың, ата-аналардың және келушілердің жеке заттары үшін жауап бермейді, бірақ шығындарды болдырмауға және азайтуға бағытталған процедураларды қолдайды.

### Жоғалған және табылған заттар

Мектептің тазалығына жауап беруші қызметкерлер, күзетшілер және техникалық қызметкерлер тапқан кез келген зат негізгі тіркеу үстелінің жанындағы Табылған заттар бюросына жеткізіледі. Жоғалған заттарына іздеу салған кез келген оқушы мен қызметкер Табылған заттар бюросына бағытталауы керек.

### Мобильді құрылғылар, музыка ойнайтын құрылғылар мен «ақылды сағаттар» және лазерлі қаламдар

Naileybury Астана мектебінде оқушыларға «ақылды сағат» тағуға тыйым салынған. Сабақ басталған уақыттан бастап ұялы телефондар әр оқушының жолдарбасында бірге жүрмеуі тиіс, олар өшіріліп, жеке шкафында сақталуы тиіс. Егер оқушының үйіне ішін шұғыл түрде телефон соғып хабарласу қажеттілігі туындаса, Респешннен арнайы рұқсат сұрап, хабарласуына болады.

Лазерлі нұсқағыштарды ешқандай уақытта пайдалануға рұқсат етілмейді.

### Оқушының жеке шкафі

Барлық оқушыларға заттарын қауіпсіз әрі нұсқан келтірмей сақтау үшін бөлек шкафтар беріледі. Оқушылар кітаптар мен жабдықтарды шкафтарына апарып салуды және ішін таза ұстауды әдетке айналдыруы керек. Егер шкафінің қандай да бір ақауын байқаған болса, бірден мектеп әкімшілігін хабардар етуі тиіс.

Оқушыларға басқалардың шкафтарын ашуға немесе оның ішіндегі заттарға қол тигізуге қатаң тыйым салынады. Әрбір шкаф мектеп

мүлкі болып табылатындықтан, қажет болған жағдайда мектептің қызметкерлері шкафтарды ашып, тексеруі мүмкін.

### Мектептік сапарлар

Білім беру үдерісін жандандырып, қызықты ете түсу үшін мектеп өз оқушыларына қала ішінде, сонымен қатар өзге қалаларға және мемлекеттерге халықаралық сапарлар ұйымдастырады. Ата-аналар мен оқушылар сапарлар туралы алдын-ала хабардар етіледі. Әрбір сапар алдында болатын түрлі жағдаяттар қарастырылып, оқушылар мен қызметкерлердің арақатынасын қатаң сақтауды талап етеді. Сапар кезінде ата-ананың баласымен бірге баруына немесе қасында еріп жүруіне, сонымен қатар барған елінде жеке кездесуіне тыйым салынады.

### Музыкалық аспаптарды үйрену сабақтары

Музыкалық аспаптарды үйрену сабақтары Музыка департаменті мұғалімдерінің ұйымдастырылуымен өткізіледі. Музыка департаментінің мұғалімдері 1-сыныптан Жоғары сынып оқушыларының сабақ кестесін жасап береді. Музыкалық аспаптарды үйрететін маман мектеп қызметкері емес (көптеген жағдайда балаңыздың нақты қажеттіліктері туралы Музыка департаментінің мұғалімдерімен сөйлесуіңіз қажет), Жоғары білікті кәсіпқой ұстаздар. Музыкалық сабақтарға төленетін ақы мектепте оқуға төленетін ақшадан бөлек есептеледі. Көптеген қосымша музыка сабақтары негізгі сабақтар біткен соң, түстен кейін өткізіледі, алайда музыкалық аспаптарды үйренгісі келетін оқушылардың санының көптігінен кейбір музыка сабақтары күндіз, сабақ уақытысында, оқушының әр аптада белгілі бір сабақтарды бірнеше рет жіберіп алмауын ескере отырып жасалған белгіленген кестеге сәйкес өткізіледі. Музыкалық аспаптарды үйренгісі келетін оқушыларға музыкалық аспаптарда үнемі әрі жүйелі түрде үйренулері үшін музыкалық кабинеттер мен аспаптар қолжетімді. Оркестр үйірмесінің дайындығы түскі үзіліс кезінде жүргізіледі.


### Мектептегі компьютерлердің қолданылуы

Мектепте оқушылардың қолдануларына болатын компьютерлер сыныбы бар. Бұл сыныптар КС 3-5 оқушыларының түскі үзіліс кезінде қолдануларына болады. Барлық ғаламтор сұраулары сүзгіден өткізіледі, яғни оқушылардың өз жас ерекшелігіне сәйкес келмейтін сайттарды ашып, қолдануларынан қорғайды. Оқушыларға әлеуметтік желілерді мектеп қабырғасында жүргенде қолдануға, ашуға тыйым салынады. Сонымен қатар оқушылардың мектепке ешқандай компьютер ойындарын әкеліп жүктеулеріне болмайды. Компьютерлерді, iPad, tablet немесе ұялы телефон секілді электронды құрылғыларды рұқсатсыз қолдану қатаң жазалауға негіз болып табылады. Білім беру мақсатында мектеп Бастауыш сынып оқушыларына iPad планшеттерін ұсынады. Орта мектепте Bring Your Own Device (BYOD) саясаты бар, оған сәйкес барлық оқушылар өз құрылғыларын әкелуі керек. 7-9 сынып оқушыларына iPad-ты бөлек пернетақтамен пайдалану ұсынылады.

өйткені бұл сіздің балаңызға біздің IT-ресурстар пакетіне толық қол жеткізуге мүмкіндік береді. 10 және одан Жоғары сынып оқушыларына жұмыс мазмұнына қойылатын талаптардың жоғарылауына байланысты Apple MacBook сияқты ыңғайлы құрылғыны әкелу ұсынылады. Мектеп бұл құрылғылардың зақымдануы немесе жоғалуы үшін жауап бермейді. Сонымен қатар, оқыту технологиясының бөлігі ретінде мектеп IB студенттеріне мектепте сатып алуға болатын ғылыми калькуляторларды ұсынады және калькуляторды мектепке қайтарған кезде төленген ақша қайтарылады.

### Кітапханалар және оқу аймақтары

Кітап оқу жергілікті оқушылар үшін өте маңызды, себебі ағылшын тіліндегі кітаптарды жиі оқу оқушылардың сөздік қорын молайтып, ағылшын тілінде сөйлеу дағдыларын дамыта түседі. Осы себептен де оқушылар үнемі кітапханадан үйге кітап алып, әлемге деген көзқарастарын кеңейтіп, сөздік қорларын арттырады.



Кітапханадан алынған кітаптар 10 күн ішінде қайтарылуы тиіс. Кітапханаға кері қайтарылмаған кітаптар жоғалған кітаптар қатарына еніп, ата-аналар ол кітаптың толық бағасын төлеуге тиіс.

### Мектеп қызметкеріне берілетін сыйлық

Кейде оқушылар мен ата-аналар мектеп ұжымына өз рақметтерін айтып, алғыстарын білдіргілері келеді. Алайда сіздің ұсынатын сыйлығыңыздың бағасы 50 USD АҚШ долларынан аспауы тиіс. Мұғалімдер мен ата-ана басшы қызметкерлерге Жоғары құнды сыйлықтарды қабылдауға рұқсат етілмейді.


### Туған күнді атап өту

Мектебіміздің көптеген оқушылары өз туған күндерін мектептегі сыныптастарымен атап өткісі келетіні түсінікті жағдай. Алайда мектеп әкімшілігі туған күнді атап өтетін оқушының ата-анасына тапсырыспен аниматорларды шақыруға, шарлар, ойыншықтар мен сыйлықтарды және суретке түсіруші адамдарды әкелулеріне, сонымен қатар тез дайын болатын, пайдасыз тағамдарды алып келулеріне тыйым салады.

### Жүзу

Егер оқушы мектептегі сабаққа келген болса, демек ол барлық сабақтарға қатысуға денсаулығы жарамды деп саналады. Бұған дене шынықтыру және жүзу сабақтары да кіреді. Егер баланың денсаулығы мектепке баруға жеткілікті сау болса, жүзу сабағынан босатылмайды.

Мектепке ешқандай зергерлік бұйымдарды тағып келуге болмайды және бұл барлық спорттық шараларға да қатысты.



### Сабақтан қалуға рұқсат қағазын рәсімдеу

Мектеп оқушылары семестр кезінде барлық сабақтарға қатысуы керек болғанымен, рұқсатнама бойынша мектептен алып кететін кездері болатынын мойындаймыз. Егер сізге семестр барысында сабақтан балаңызды қалдыруға рұқсат алу қажет болса, 24 сағат бұрын сабақта болмайтындығы туралы сұрау формасын толтырыңыз. Оқушылар бұл формаға басшылар тобының мүшесі қол қойғанша негізгі қабылдау бөлмесінде күтуі керек.

**2024-2025 Оқу жылындағы мектеп күндері****Балабақша**

7:45 – 8:30	Мектепке келу, тіркеу
8:30 – 9:00	Таңғы ас Creche
9:00 – 9:25	Таңғы ас nursery/reception
9:25 – 10:20	Күнделікті әрекет, 1-сабақ және сынып сағаты
10:20 – 10:45	Үзіліс
10:45 – 11:40	2-сабақ және сынып сағаты
11:40 – 12:40	Түскі ас және ойын уақыты
12:40 – 13:40	3-сабақ және сынып сағаты
12:40 – 14:35	Creche/nursery ұйқтау уақыты
13:40 – 14:25	4-сабақ және сынып сағаты
14:25 – 15:00	Reception жеңіл тамақтану және ертегілер
15:00 – 15:10	Мектеп күнінің аяқталуы және үйге алып кету
15:30 – 16:45	Мектептен кейінгі қосымша қарау

**Орта мектеп**

8:00 – 8:30	Сынып сағаты
8:30 – 9:25	1-сабақ
9:25 – 10:20	2-сабақ
10:20 – 10:45	Үзіліс
10:45 – 11:40	3-сабақ
11:40 – 12:40	4-сабақ
12:40 – 13:40	Түскі ас
13:40 – 14:35	5-сабақ
14:35 – 15:30	6-сабақ

**Бастауыш мектеп**

7:45 – 8:15	1-6 сынып таңғы ас
8:15 – 8:30	Сынып сағаты
8:30 – 9:25	1-сабақ
9:25 – 10:20	2-сабақ
10:20 – 10:45	Үзіліс
10:45 – 11:40	3-сабақ Түскі ас
11:40 – 12:40	Түскі ас
12:40 – 13:40	4-сабақ
13:40 – 14:35	5-сабақ
14:35 – 15:30	6-сабақ
15:00 – 15:10	1-2 сынып мектеп күнінің соңы
15:20 – 15:30	3-6 сынып мектеп күнінің соңы





# Мектеппен байланыс

Haileybury Astana мектебі ата-аналармен тығыз қарым-қатынаста жұмыс істейді.

Ата-аналар және қоғамдастық тарапынан болатын кері байланыс біз үшін өте маңызды. Кері байланысқа жауап беру мектептің мектеп қауымдастығымен және жалпы қоғамдастықпен ашық қарым-қатынас жасауға деген ұмтылысын көрсетеді.

Мектептің, қызмет көрсету саласының немесе қызметкерлер қызметінің кез келген аспектісі бойынша кері байланыс нақты тұжырымдалған процесс арқылы кез келген шағымды шешу және осындай мәселелердің құпия сипатын сақтау мақсатында жауапкершілікпен, ашық және дер кезінде өңделетін болады. Ескертулер стандарттарды жақсарту үшін қолданылуы мүмкін және одан әрі шағымдардың пайда болуына жол бермейтін сындарлы ұсыныстар ретінде қарастырылады. Haileybury Astana мектебі бейресми түрде шешілуі мүмкін алаңдаушылық пен сұрақтар бар екенін мойындайды, тек барлық мәселені ашып сөйлескен дұрыс. Басқару тобы мәселенің шешімін табуда ресми процедураларға жүгінеді. Мұндай жағдайларда ата-аналарға туындаған мәселе бойынша алдымен тікелей жауапты адаммен, ең алдымен сынып жетекшісімен немесе үй тәрбиешісімен қиындықтар немесе алаңдаушылықтар жайлы бейресми түрде талқылауды ұсынады.

Кез келген туындаған мәселені немесе алаңдаушылықты дереу және көзбе-көз талқылау жағдайды нақтылап, арадағы түсініспеушілікті жойып, тараптарға қанағаттанарлық шешім ұсына алады.

Егер бұл мәселе өз шешімін таппаса, ата-аналар тиісті Үй басшысымен байланысуы керек, өз кезегінде Үй басшысы да шеше алмаған жағдайда, тиісті аға қызметкермен байланысу керек. Мектеп директорына шағым түскен жағдайда бұл шағым жазбаша түрде ресімделіп, Басқарушылар кеңесінің төрағасына жолдануы тиіс. Мектептің шағым беру саясатымен танысып шығуды ұсынамыз.



**Джон Коулз**  
Мектеп директоры



**Томас Хилл**  
Жоғары мектеп директоры



**Лиам Стюарт**  
Бастауыш мектеп директоры/  
DSL



**Эмма Грикманис**  
Бастауыш мектеп  
басшысының орынбасары



**Лианн Домингес**  
Жоғары мектеп басшысының  
орынбасары/DSL



**Жар Ордабаева**  
Бас атқарушы директор

# 2024-2025 оқу жылына арналған күнтізбе

## Тамыз

M	T	W	T	F	S	S
			1	2	3	4
5	6	7	8	9	10	11
12	13	14	15	16	17	18
19	20	21	22	23	24	25
26	27	28	29	30	31	

## Қыркүйек

M	T	W	T	F	S	S
						1
2	3	4	5	6	7	8
9	10	11	12	13	14	15
16	17	18	19	20	21	22
23	24	25	26	27	28	29
30						

## Қазан

M	T	W	T	F	S	S
	1	2	3	4	5	6
7	8	9	10	11	12	13
14	15	16	17	18	19	20
21	22	23	24	25	26	27
28	29	30	31			

## Қараша

M	T	W	T	F	S	S
				1	2	3
4	5	6	7	8	9	10
11	12	13	14	15	16	17
18	19	20	21	22	23	24
25	26	27	28	29	30	

## Желтоқсан

M	T	W	T	F	S	S
						1
2	3	4	5	6	7	8
9	10	11	12	13	14	15
16	17	18	19	20	21	22
23	24	25	26	27	28	29
30	31					

## Қаңтар

M	T	W	T	F	S	S
		1	2	3	4	5
6	7	8	9	10	11	12
13	14	15	16	17	18	19
20	21	22	23	24	25	26
27	28	29	30	31		

## Ақпан

M	T	W	T	F	S	S
					1	2
3	4	5	6	7	8	9
10	11	12	13	14	15	16
17	18	19	20	21	22	23
24	25	26	27	28		

## Наурыз

M	T	W	T	F	S	S
					1	2
3	4	5	6	7	8	9
10	11	12	13	14	15	16
17	18	19	20	21	22	23
24	25	26	27	28	29	30
31						

## Сәуір

M	T	W	T	F	S	S
	1	2	3	4	5	6
7	8	9	10	11	12	13
14	15	16	17	18	19	20
21	22	23	24	25	26	27
28	29	30				

## Мамыр

M	T	W	T	F	S	S
			1	2	3	4
5	6	7	8	9	10	11
12	13	14	15	16	17	18
19	20	21	22	23	24	25
26	27	28	29	30	31	

## Маусым

M	T	W	T	F	S	S
						1
2	3	4	5	6	7	8
9	10	11	12	13	14	15
16	17	18	19	20	21	22
23	24	25	26	27	28	29
30						

## Шілде

M	T	W	T	F	S	S
	1	2	3	4	5	6
7	8	9	10	11	12	13
14	15	16	17	18	19	20
21	22	23	24	25	26	27
28	29	30	31			





# Haileybury Astana

[www.haileybury.kz](http://www.haileybury.kz)

+7 (7172) 55 98 55

Haileybury Astana – білім берудің барлық аспектілеріндегі жоғары стандарттарға ұмтылу.

---

 [hbastana](#)

 [haileyburyastana](#)

 [haileybury-astana](#)

 [HaileyburyAstanaOfficial](#)

 [HaileyburyAstana](#)

 [Haileybury Astana](#)